Көрсетілген аймақтарды орналастыру кезінде олардың жұмыс істеу ерекшеліктерін, аумаққа қажеттілікті, үлкен сыйымдылығы бар автотұрақтарды орнату қажеттілігін, дамыған көлік және инженерлік инфрақұрылымдарды құруды, сондай-ақ қоршаған ортаға және іргелес құрылысқа әсер ету дәрежесін ескеру қажет.

Мамандандырылған орталықтарды орналастыру бекітілген Бас жоспарда айқындалған.

Аймақ аумағының шамасы, оны пайдалану қарқындылығы, салынған және салынбаған аумақтардың арақатынасы егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларында және құрылыс жобаларында белгіленеді.

Алматы қаласы аумағының
қала құрылысы регламентіне
4.10-қосымша

ОЦ-3. Жергілікті орталықтардың аумақтары

ОЦ-3 рұқсат етілген құрылысының шекті параметрлері:

1) Жер учаскелерінің шекті параметрлері:

Қоғамдық мақсаттағы құрылыс орналасқан аумақтардың үлесі аумақтың барлық ауданының кемінде 60% ;

Тұрғын үй құрылысы орналасқан аумақтардың үлесі – аумақтың барлық ауданының 15% - дан артық емес;

Көгалдандырылған аумақтардың үлесі – аумақтың барлық ауданынан кемінде 20%;

2) Рұқсат етілген құрылыстың шекті параметрлері:

Жалпы құрылыс қорындағы қоғамдық қордың үлесі – жалпы құрылыс қорының кемінде 70%;

Тұрғын үй қорының жалпы құрылыс қорындағы үлесі – жалпы құрылыс қорының 20% - дан артық емес;

Ашық және салынған аумақтардың арақатынасы:

- құрылыс тығыздығы – 30 000 м²/га артық емес;

- шекті пайыз (құрылыс коэффициенті) кемінде 0,80;

Көпшілік жиі баратын объектілердің үлесі (сауда, қызмет көрсету, мәдениет және өнер объектілері) – қоғамдық құрылыстың жиынтық қабатты алаңының кемінде 25% ;

Жер асты кеңістігін пайдалану (ғимараттардың жер үсті бөлігінің жиынтық қабатты алаңына жер асты бөлігін салудың жиынтық қабатты алаңы – кемінде 15%;

Көше силуэтінің сипаты – қабат саны әртүрлі;

Құрылыстың ең жоғары биіктігі/қабаттылығы – параметрлер конструктивтік жүйелерінің типіне, сондай-ақ топырақ жағдайларының типіне және құрылыс алаңдарының есептік сейсмикалығына байланысты 2.03-30-2017 ҚР ҚЖ 9.2-кестесінде және ҚР ҚЖ EN 1998-1 НТҚ регламенттелген жобада қабылданған аумақты сәулет-кеңістіктік ұйымдастыруға сәйкес белгіленеді.

ОЦ-3.1. 2-деңгейдегі қоғамдық-іскерлік аймақ

Мақсаты: ОЦ-3.1 аймағы – жалпы қордағы қоғамдық құрылыс қорының үлесі 60% кем емес, 5 гектарға дейінгі аумақтар тұрғын үй, өндірістік, табиғи-рекреациялық, қоғамдық аймақтарда, аралас пайдалану аймақтарында орналастырылады; қоғамдық мақсаттағы объектілердің құрылыс алаңдарынан, объектілер маңындағы қабылдау мен тарату аймақтарымен байланысты толассыз жаяу жүріс объектілерінен, автотұрақтар, және де шаруашылық құрылыс түрлері мен көгалдандырудан тұрады. Жоспарлау және құрылыс сипаты, қоғамдық құрылыс аумақтарын пайдалану қарқындылығы қоғамдық объектілер жиынтығымен анықталады және егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларында және құрылыс жобаларында белгіленеді.

ОЦ-3.1 аймағы Ж-4, Ж-5 және Ж-6 аймақтарында тұратын халыққа қызмет көрсетуге арналған.

Аймақ типінің индексі	Аумақты функционалдық пайдаланудың рұқсат етілген түрлері	Аумақты функционалдық пайдаланудың негізгі емес және ілеспе түрлері	Жергілікті атқарушы органның тиісті уәкілетті құрылымдық бөлімшелерінің (басқармаларының) келісімі болған кезде аумақтарды функционалдық пайдаланудың рұқсат етілген түрлері
1	2	3	4
	Қонақ үйлер; арнайы орта білім беру мекемелері; өнер мектептері; клубтар, кинотеатрлар, бейнесалондар; би залдары, дискотекалар; мұражайлар, кітапхананың көрме залдары, архивтер, ақпараттық орталықтар; діни сенімдерге байланысты объектілер; спорт залдары, бассейндер, дене шынықтыру-сауықтыру		

ОЦ-3.1. 2-деңгейдегі қоғамдық-іскерлік аймақ *)	кешендері; спорт алаңдары, теннис корттары; дүкендер, сауда орталықтары; қоғамдық тамақтану кәсіпорындары: асханалар, кафелер, барлар, дәмханалар, мейрамханалар; шаштараздар; тігін ательелері, зергерлік шеберханалар, тұрмыстық техниканы жөндеу шеберханалары, наубайханалар және қызмет көрсетудің осыған ұқсас басқа да объектілері; пошта, телефон, телеграф; кір жуу және химиялық тазалау кәсіпорындары мен қабылдау пунктері; моншалар; дәріханалар; емханалар, практикалаушы дәрігерлер кабинеттері, халықтық медицина орталықтары, қалпына келтіру орталықтары; әкімшілік ғимараттар, фирмалар мен компаниялардың кеңселері, өкілдіктер, кеңсежайлар; соттар; ғылыми, жобалау және конструкторлық ұйымдар, түрлі агенттіктер; банк бөлімшелері; баспалар, редакциялық кешендер.	Көлік құралдарын тұрақты және уақытша сақтауға арналған құрылыстар	Рұқсат етілген, бірақ жер учаскелеріндегі құрылыс салудың талаптарында көрсетілген параметрлерден асатын, сондай-ақ нормалар бойынша үлкен автотұрақтарды (50-ден астам автомобильге) талап ететін ірі қызмет көрсету кәсіпорындары; көлік құралдарын тұрақты сақтауға арналған гараждар мен тұрақтар; көлік құралдарына қызмет көрсету кәсіпорындары; ұсақ бөлшек сауданың уақытша құрылыстары; қоғамдық дәретханалар
---	---	--	--

*) Алматы қаласының аумағында құрылыс үшін жобаланатын ғимараттардың қабаттылығы (биіктігі) ғимараттардың конструктивтік жүйелерінің типіне, сондай-ақ топырақ жағдайларының типіне және құрылыс алаңдарының есептік сейсмикалығына байланысты 2.03-30-2017 ҚР ҚЖ 9.2-кестесінде және ҚР ҚЖ EN 1998-1 НТҚ регламенттелген қабаттылыққа сәйкес келуі тиіс.

ОЦ-3.2. Жергілікті маңызы бар қоғамдық-іскерлік аймақ

ОЦ-3.2 аймағы Ж-1, Ж-2 және Ж-3 аймақтарында тұратын халыққа қызмет көрсетуге арналған:

--	--	--	--

Аймақ типінің индексі	Аумақты функционалдық пайдаланудың рұқсат етілген түрлері	Аумақты функционалдық пайдаланудың негізгі емес және ілеспе түрлері	Жергілікті атқарушы органның тиісті уәкілетті құрылымдық бөлімшелерінің (басқармаларының) келісімі болған кезде аумақтарды функционалдық пайдаланудың рұқсат етілген түрлері
1	2	3	4
ОЦ-3.2. Жергілікті маңызы бар қоғамдық-іскерлік аймақ *)	Ж-1 және Ж-2 және Ж-3 аймақтарының жер учаскелеріндегі құрылысының талаптарын бұзбайтын қонақ үйлер, тиісінше көп мақсатты және мамандандырылған мақсаттағы клубтық үй-жайлар; кітапханалар; діни сенімдерге байланысты объектілер; Ж-1 және Ж-2, Ж-3 аймақтарының жер учаскелеріндегі құрылысының талаптарын бұзбайтын спорт залдары, бассейндер, дене шынықтыру-сауықтыру кешендері; спорт алаңдары, теннис корттары; дүкендер; қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары: асханалар, кафелер, барлар; тігін ательелері, зергерлік шеберханалар, тұрмыстық техниканы жөндеу шеберханалары, айын өнімдерді сату дүкендері бар наубайханалар, кір жуу және химиялық тазалаудың қабылдау пункттері; пошта, телефон, телеграф; дәріханалар; практикалаушы дәрігерлер кабинеттері, халықтық медицина орталықтары, қалпына келтіру орталықтары;	Көлік құралдарын тұрақты және уақытша сақтауға арналған құрылыстар	Рұқсат етілген, бірақ жер учаскелерінде құрылыс салудың талаптарынан асатын, сондай-ақ 10-нан астам автомобильге автотұрақтарды талап ететін ірі қызмет көрсету кәсіпорындары; көлік құралдарын тұрақты сақтауға арналған гараждар мен тұрақтар; көлік құралдарына

	ғылыми, жобалау және конструкторлық ұйымдар, агенттіктер; банк бөлімшелері		қызмет көрсету кәсіпорындары
--	--	--	------------------------------

*) Алматы қаласының аумағында құрылыс үшін жобаланатын ғимараттардың қабаттылығы (биіктігі) ғимараттардың конструктивтік жүйелерінің типіне, сондай-ақ топырақ жағдайларының типіне және құрылыс алаңдарының есептік сейсмикалығына байланысты 2.03-30-2017 ҚР ҚЖ 9.2-кестесінде және ҚР ҚЖ EN 1998-1 НТҚ регламенттелген қабаттылыққа сәйкес келуі тиіс.

Алматы қаласы аумағының
қала құрылысы регламентіне
4.11-қосымша

О – Орамдық құрылыс тұрғындарына күнделікті қызмет көрсету аймақтарының учаскелері

Мақсаты: Мамандандырылған қоғамдық құрылыс учаскелері - қоғамдық мақсаттағы құрылысы бар учаскелермен немесе орамдармен қалыптастырылатын аумақ: оқу, іскерлік, спорттық, мәдени-ақпараттық, ойын-сауық, басқару, діни және басқа да объектілер.

Аумақты ұйымдастырудың талаптарына және жер учаскесін пайдаланудың қарқындылығына байланысты қоғамдық объектілер келесі түрлерге бөлінеді:

- учаскені аралас пайдалануға болатын объектілер, объект жанындағы шағын алаңдардың орналасуы және объект ішін көгалдандыру: ҒЗИ, ортақ күн тәртібі бар жобалау-конструкторлық ұйымдар, әкімшілік және басқарма объектілері, сауда, қызмет көрсету, мәдениет объектілері;

- учаскені аралас пайдалануға болмайтын объектілер: көпшілік және кәсіптік спорт, мектептер, балабақшалар, үй интернаттар, мүгедектер және қарттар интернаттары, стационарлық үлгідегі емдеу мекемелері.

Балаларға, қарттарға арналған интернаттардың, стационарлық үлгідегі емдеу мекемелерінің, мектептердің, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің, көпшілік және кәсіптік спорт объектілерінің учаскелері атмосфералық ауаға және шудың рұқсат етілген деңгейіне, инсоляция және табиғи жарық жағдайларына, осы объектілер үшін нормаланатын басқа да қоршаған орта факторларына қойылатын талаптарды орындау кезінде магистральаралық аумақтарға орналастырылуы тиіс.

Аумақтың қала құрылысы регламенттерінің жобасында мынадай мамандандырылған құрылыс учаскелері қабылданды:

О-1 Білім беру, денсаулық сақтау, дене шынықтыру-спорт ғимараттары, мәдениет және өнер мекемелерінің учаскелері;

О-2 Сауда, қоғамдық тамақтандыру, халыққа тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсету кәсіпорындарының, қонақ үйлердің, басқару ұйымдарының, іскерлік

орталықтардың, қоғамдық, ғылыми, банк мекемелерінің, байланыс кәсіпорындарының, діни мекемелердің өзге де объектілері мен кәсіпорындарының учаскелері.

Аумақты функционалдық пайдаланудың рұқсат етілген түрлері, жер учаскелерінің шекті параметрлері және О-1 – О-2 функцияларының рұқсат етілген құрылысы "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу" 3.01-101-2013 ҚР ҚЖ "В" қосымшасына, 2.03-30-2017 ҚР ҚЖ бойынша құрылыстың қабаттылығы (биіктігі) бойынша шектеулермен "Қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар" 3.02-107-2014 ҚР ҚЖ сәйкес және 2.03-31-2020 ҚР ҚЖ 6.2-т.; "Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттардың ТІЗБЕСІ" СҚҚК-1 бойынша қабылдау.

Алматы қаласы аумағының
қала құрылысы регламентіне
4.12-қосымша

II - Өндірістік (өнеркәсіптік) аймақ

Өндірістік аймақтардың типтері көзделіп отырған пайдалану түрлеріне, аумақты пайдаланудың шектеулеріне, әрбір нақты аймақтың құрылыс сипатына және объектінің қауіптілік сыныбының санитариялық-қорғау аймағының мөлшеріне байланысты белгіленеді.

Тіршілік ету ортасына және адам денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғау аймақтарының мөлшері "Адамның өмір сүру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-2 бұйрығына сәйкес айқындалады.

Тұрғын үй құрылысы аумағында қолданыстағы санитариялық қағидаларға және басқа да регламенттеуші құжаттарға сәйкес санитариялық-қорғау аймақтарын ұйымдастыру мүмкіндігі болған кезде зияндылығы 3, 4, 5-кластағы өндірістік объектілерді орналастыруға жол беріледі. Тұрғын аймақта және халықтың жаппай демалатын орындарында кәсіпорындардың, өндірістердің, объектілердің қолданыстағы санитариялық сыныптамасына сәйкес 1, 2-кластағы объектілерді орналастыруға жол берілмейді.

IV және V қауіптілік кластарының объектілері үшін СҚА ең жоғары көгалдандыру - алаңның кемінде 60%, II және III қауіптілік кластарының объектілері үшін СҚА - алаңның кемінде 50%, I қауіптілік сыныптарының объектілері үшін СҚА - алаңның кемінде 40%, тұрғын үй құрылысы жағынан ағаш-бұталы екпелер жолағын міндетті түрде ұйымдастыруды көздейді.

Рұқсат етілген құрылыс салу параметрлері және өндірістік аймақтардың жер учаскелерін пайдалану 3.01-101- 2013 ҚР ҚЖ, "Өнеркәсіптік кәсіпорындардың бас жоспарлары" 3.01-103-2012 ҚР ҚЖ, "Өнеркәсіптік кәсіпорындардың бас жоспарлары" 3.01-03-2011 ҚР ҚН, "Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттардың ТІЗБЕСІ" СҚҚК-1 және кестеге сәйкес анықталады:

**Жер учаскелерінің және рұқсат етілген құрылыстың шекті параметрлері II-1-II-4
Өнеркәсіптік (өндірістік) аймақтар Өндірістік аймақ аумағында өндірістік құрылыс учаскесін орналастыру**

№№	Атауы	Өлшем бірлігі	Өндірістік құрылыс учаскесі			Ескерту
			жұмыспен қамтылғандар саны 0,05-тен 0,5 мың адамға дейін; аумақ көлемі 0,5 га дейін	жұмыспен қамтылғандар саны 0,5-тен 5,0 мың адамға дейін және одан да көп; аумақтың көлемі 0,5-тен 5,0 га дейін	жұмыспен қамтылғандар саны 5,0-ден 10,0 мың адамға дейін; аумақтың көлемі 5,0-ден 25,0 га дейін	
1	2	3	4	5	6	7
A	Өндірістік құрылыс учаскесі					
1	Өндірістік аймақ аумағында өндірістік құрылыс учаскесін орналастыру шарттары					
1.1	Жер учаскелерінің шекті параметрлері					
1.1.1	Аумақтың көлемі					Учаскенің аумағы - кәсіпорынның қоршаудағы немесе оның шартты шекарасына сәйкес алаңы
	ең төменгі шегі	га		0,5	5,0	
	ең жоғары шегі	га	0,5	5,0	25,0	
1.2	Рұқсат етілген құрылыстың шекті параметрлері					
1.2.1	Құрылыс қорының ауданы					
	ең төменгі шегі	мың м2	3,0	3,0	3,0	
	ең жоғары шегі	мың м2	5,0	5,0	5,0	
1.2.2	Құрылыс тығыздығы					Учаскенің құрылыс тығыздығы-сыртқы қабырғалардың габариттеріндегі ғимараттар
	ең төменгі шегі	мың м2/га	20,0	10,0	5,0	

	ең жоғары шегі	мың м2/га	30,0	20,0	10,0	мен құрылыстардың жер үсті бөліктерінің құрылыс жиынтық қабатты алыңының учаске аумағына қатынасы)
1.2.3	Жер учаскесін пайдалану коэффициенті					Жер учаскесін пайдалану коэффициенті -
	ең төменгі шегі	%/БСБ	30,0/0,3	30,0/0,3	30,0/0,3	ғимараттар мен құрылыстар орналасуы мүмкін учаске аумағының бөлігі (% және БСБ-де)
	ең жоғары шегі	%/БСБ	50,0/0,5	50,0/0,5	50,0/0,5	
№№	Атауы	Өлшем бірлігі	Өндірістік құрылыс учаскесі			Ескерт у
			жұмыспен қамтылғандар саны 0,05-тен 0,5 мың адамға дейін; аумақ көлемі 0,5 га дейін	жұмыспен қамтылғандар саны 0,5-тен 5,0 мың адамға дейін және одан да көп; аумақтың көлемі 0,5-тен 5,0 га дейін	жұмыспен қамтылғандар саны 5,0-ден 10,0 мың адамға дейін; аумақтың көлемі 5,0-ден 25,0 га дейін	
1	2	3	4	5	6	7
1.2.4	Жұмыспен қамтылғандар саны					
	ең төменгі шегі	мың адам	0,05	0,5	5,0	
	ең жоғары шегі	мың адам	0,5	5,0	10,0 және одан көп	
1.2.5	Өндірістің зияндылық класы	класс	III, IV және V	III, IV және V	III, IV және V	Тұрғын аймақта және халықтың жаппай демалатын орындарында зияндылығы 1

						2 - класта ғ ы объект ілерді орнала стыруғ а жол берілм ейді
1.2.6	Объектілердің санитарлық-қорғау аймақтары (СҚА)		Өндірістік аймақ аумағында орналасқан объектілердің (өнеркәсіптік кәсіпорындардың) СҚА санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау (СЭЖ) органдарының келісімі бойынша айқындалады, бірақ өндірістік аймақ шекарасынан 50 м артық шықпауға тиіс.			
2	Өндірістік аймақтардың өзге функционалдық мақсаттағы аумақтарға жанасу шарттары					
	- өндірістік аймақтардың қоғамдық аумақтарға жанасуы	Өндірістік аймақтардың қоғамдық аумақтарға жанасу жолағында өндірістік аумақтардың қоғамдық-әкімшілік бөліктерін орналастыру керек, оларды қоғамдық орталықтар мен аймақтар, қаламен бірлескен объект маңындағы тұрақтар, жасыл желектерді қалыптастыруға енгізе отырып.				
	- өндірістік аймақтардың тұрғын аумақтарға жанасуы	Тұрғын үй аумақтарына жанасу жолағында өндірістік учаскенің шекараларын бітеу дуалмен қоршауға болмайды, СҚА құрамына кіретін жанасу жолақтарында тұрғын ауданның коммуналдық объектілерін орналастыру үшін көп қабатты көлікжайлар - түрлі типтегі тұрақтарды, жасыл желектерді пайдалану ұсынылады.				
	- өндірістік аймақтардың магистраль маңы жолағында	Өндірістік аймақтардың магистраль маңындағы жолақтарында (магистраль маңындағы аймақтың өндірістік аумағы) қалалық ортаға бейімделген тұтас құрылыс учаскелерін, едәуір қойма үй-жайларын, ірі габаритті кіреберістерді, бұрылыс алаңдарын талап ететін сауда және қызмет көрсету кәсіпорындарымен аралас өндірістік-қоғамдық құрылыс учаскелерін орналастыру ұсынылады.				

П-1 – Зияндылығы V кластағы кәсіпорындар аймағы (50 м-ден 99 м-ге дейінгі санитарлық-қорғау аймағы)

Аумақты функционалдық пайдаланудың рұқсат етілген түрлері: коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары, қоймалар, базалар, 50 м СҚА бар зияндылығы V кластағы кәсіпорындар, көлік құралдарын тұрақты және уақытша сақтауға арналған құрылыстар; көлік құралдарына қызмет көрсету жөніндегі кәсіпорындар; 99 м СҚА бар инженерлік құрылыстар.

П-2 – Зияндылығы IV кластағы кәсіпорындар аймағы (100 м-ден 299 м-ге дейінгі санитарлық-қорғау аймағы)

Аумақты функционалдық пайдаланудың рұқсат етілген түрлері: коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары, қоймалар, базалар, 100 м СҚА бар зияндылығы IV кластағы кәсіпорындар; көлік құралдарын тұрақты және уақытша сақтауға арналған құрылыстар; көлік құралдарына қызмет көрсету жөніндегі кәсіпорындар; 100 м-ге дейінгі СҚА бар зияндылығы V кластағы кәсіпорындар; 299 м-ге дейінгі СҚА бар инженерлік құрылыстар.

П-3 – Зияндылығы III кластағы кәсіпорындар аймағы (300 м-ден 499 м-ге дейінгі санитарлық-қорғау аймағы)

Аумақты функционалдық пайдаланудың рұқсат етілген түрлері: 300 м – 499 м СҚА бар зияндылығы III кластағы кәсіпорындар; 300 м дейінгі СҚА бар зияндылығы III кластағы кәсіпорындар; көлік құралдарын тұрақты және уақытша сақтауға арналған құрылыстар; көлік құралдарына қызмет көрсету жөніндегі кәсіпорындар; 499 м дейінгі СҚА бар инженерлік құрылыстар.

П-4 – Зияндылығы III кластағы кәсіпорындар аймағы (500 м-1000 м және одан көп санитарлық - қорғау аймағы)

Аумақты функционалдық пайдаланудың рұқсат етілген түрлері: 500 м – 1000 м және одан көп СҚА бар зияндылығы I-II кластағы кәсіпорындар; 499 м СҚА бар зияндылығы II кластағы кәсіпорындары; қоршаған ортаның шу мен ластану көзі болып табылатын 1000 м және одан көп СҚА бар зияндылығы I кластағы кәсіпорындар; көлік құралдарын тұрақты және уақытша сақтауға арналған құрылыстар көлік құралдарына қызмет көрсету жөніндегі кәсіпорындар; зияндылық класы кәсіпорындары; 500 м – 1000 м және одан көп СҚА бар инженерлік құрылыстар.

Зияндылығы I-II кластағы жаңа өндірістік кәсіпорындарды орналастыру және жұмыс істеп тұрғандарын қайта жаңғырту санитариялық-қорғау аймақтарын ұйымдастырумен мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалаудың, мемлекеттік өртке қарсы қызметтің, қоршаған ортаны қорғаудың тиісті органдарының оң қорытындыларын алған жобалау алдындағы пысықтаулар мен зерттеулер не инвестициялар негіздемесінің жобасы негізінде жүргізілуге тиіс

Тұрғын аймақта және халықтың жаппай демалатын орындарында зияндылығы 1-ші және 2-ші кластағы объектілерді орналастыруға жол берілмейді.

Іргелес аудандарға әсерді барынша азайту үшін объектілердің аумағын пайдалану түрлері зиянды шығарындылар деңгейі мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарға сәйкес келуі тиіс, радиусы 1000-500 метр санитарлық-қорғау аймақтарын ұйымдастыру талап етіледі. Бірыңғай аймақта жылжымайтын мүлікті рұқсат етілген пайдаланудың әртүрлі түрлерінің үйлесімі нормативтік санитарлық талаптар сақталған жағдайда ғана мүмкін болады.

Р-Рекреациялық аймақ

Елді мекендердегі рекреациялық аймақтар халықтың демалу орындарын ұйымдастыруға және жайластыруға арналған және оған бақтар, орман бақтары, саябақтар мен скверлер, хайуанаттар бағы, су қоймалары, жағажайлар, аквапарктер, ландшафтық сәулет объектілері, өзге де демалыс және туризм орындары, сондай-ақ бос уақытты өткізу және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылыстар кіреді.

Рекреациялық аймаққа елді мекеннің шекарасы (сызығы) шегінде орналасқан қорғалатын табиғи объектілер енгізілуі мүмкін.

Рекреациялық аймақтың аумағында рекреациялық аймақтың жұмыс істеуіне тікелей байланысты емес жаңа өнеркәсіптік, коммуналдық және қойма объектілерін, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар мен құрылыстарды орналастыруға (салуға) және жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге жол берілмейді.

Аймақ типінің индексі	Аумақты функционалдық пайдаланудың рұқсат етілген түрлері	Аумақты функционалдық пайдаланудың негізгі емес және ілеспе түрлері	Жергілікті атқарушы органның тиісті уәкілетті құрылымдық бөлімшелерінің (басқармаларының) келісімі болған кезде аумақтарды функционалдық пайдаланудың рұқсат етілген түрлері
1	2	3	4
Р-1	Р - 1 Жалпыға ортақ пайдаланылатын жасыл желек аймағы Мақсаты: Р-1 аймағы тұрғындар демалу үшін белсенді пайдаланатын саябақтарды, скверлерді, бульварларды қамтиды. Аумақты рұқсат етілген пайдалану параметрлері: жасыл желектер – 65 - 75%; аллеялар мен жолдар - 10 - 15%; ойын алаңдары - 8 - 12%; құрылыстар - 5 - 7%.		
	Спорт және ойын алаңдары; аттракциондар; жазғы театрлар, кинотеатрлар, концерттік алаңдар	Мемориалдар, көлік құралдарын уақытша сақтауға арналған ашық тұрақтар; демалысты ұйымдастыруға байланысты қосалқы құрылыстар (әкімшілік, кассалар, жалға беру пункттері, шағын сәулеттік формалар және т.б.).	Кафелер, барлар, дәмханалар; діни сенімдерге байланысты объектілер; қоғамдық дәретханалар
	Р-2. Қысқа мерзімді демалыс аймағы		

P-2

Мақсаты: P-2 аймағы халықтың демалысын ұйымдастыру үшін саябақтар, тоғайлар, табиғи қорықтар мен орман бақтарының аумағында ұйымдастырылады.

Аумақ алаңдарын рұқсат етілген пайдалану параметрлері: жасыл желектер, су қоймалары, ашық шабындық кеңістіктер - 90-97%; аллеялар, жолдар, спорт алаңдары-3-10%; қызмет көрсету құрылыстары - 0-1%.

Аймақты ұйымдастырудың мақсаты-халықтың толыққанды қысқа мерзімді демалысы үшін жағдай жасау кезінде құнды табиғи ерекшеліктер мен ерекше ландшафтты сақтау.

Құрылыстың кез келген түріне орналасу орны мен қызмет көрсету объектілерінің типін таңдау құрылыстың қоршаған ортаның осал элементтеріне ең төменгі әсерін тигізген кезде және осы аумаққа тән табиғат пен табиғи ерекшеліктерді сақтай отырып, демалушылар үшін тартымды орындар жасауға мүмкіндік бергенде рұқсат етіледі

Орман бақтары; спорт және ойын алаңдары, шаңғы трассалары, велосипед және жүгіру жолдары және т.б.

Көлік құралдарын уақытша сақтауға арналған ашық тұрақтар; демалысты ұйымдастыруға байланысты қосалқы құрылыстар (күркелер, орындықтар және басқа да шағын сәулеттік формалары)

Қонақ үйлер, мотельдер, кемпингтер, глэмпингтер, туристік орталықтар; профилакторийлер, санаторийлер; ауруханалар, жалпы үлгідегі госпитальдар; қарттарға арналған интернаттар; кафелер, барлар, дәмханалар және басқа да тамақтандыру мекемелері; пикниктерге арналған орындар; қоғамдық дәретханалар

P-3. Ұзақ мерзімді демалыс аймағы (санаторийлер, курорттар) *)

Мақсаты: P-3 аймағы халықтың ұзақ мерзімді демалу кәсіпорындарын орналастыруға арналған және табиғи емдік факторлары бар, ең қолайлы микроклиматтық, ландшафттық және санитарлық-гигиеналық жағдайлары бар аумақтарға орналастырылуы керек.

Санаторийлер, курорттар, демалыс үйлері, демалыс базалары, профилакторийлер, балалардың сауықтыру лагерлері мен мектепке дейінгі мекемелердің саяжайлары, қарттарға арналған интернаттар, балалар үйлері, қонақ үйлер, қонақтарды қабылдау үйлері, туристерге қызмет көрсету орталықтары, кемпингтер, глэмпингтер, мотельдер, кафелер, барлар, дәмханалар және басқа да қоғамдық тамақтандыру мекемелері; пикниктерге арналған

Көлік құралдарын уақытша сақтауға арналған ашық тұрақтар; демалысты ұйымдастыруға байланысты қосалқы құрылыстар (шешініп-киіну кабинкалары, күркелер және басқа да шағын сәулеттік формалары), спорттық және өзге де мүкәммалды жалға беру пункттері

Туристік орталықтар, профилакторийлер, мамандандырылған ауруханалар, жалпы

P-3	орындар; қоғамдық дәретханалар		типтегі госпитальдар, пикник алаңдары.
P-4	P-4. Ашық кеңістіктер аймағы (өзендер, су айдындары, жағалау жолақтары) Максаты: P-4 аймағы халық демалу үшін белсенді пайдаланатын өзендерді, су айдындарын, өзендердің жағалау аумақтарын қамтиды. Рұқсат етілген құрылыс салу параметрлері және рекреациялық аймақтардың жер учаскелерін пайдалану 3.01-01-2013 ҚР ҚН және "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу" 3.01-101-2013 ҚР ҚЖ және "Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттардың ТІЗБЕСІ" СҚҚК-1 1-қосымшасының 3-кешенінің нормалары мен қағидаларына сәйкес нақты объектілер үшін анықталады.		
	Жабдықталған жағажайлар; спорт және ойын алаңдары; аттракциондар	Демалысты ұйымдастырумен байланысты қосалқы құрылыстар (әкімшілік, кассалар, жалға беру пункттері, күркелер, орындықтар, шағын сәулеттік формалар және т.б.).	Велосипед және жүгіру жолдары, пикник алаңдары.

*) Алматы қаласының аумағында құрылыс үшін жобаланатын ғимараттардың қабаттылығы (биіктігі) ғимараттардың конструктивтік жүйелерінің типіне, сондай-ақ топырақ жағдайларының типіне және құрылыс алаңдарының есептік сейсмикалығына байланысты 2.03-30-2017 ҚР ҚЖ 9.2-кестесінде және ҚР ҚЖ EN 1998-1 НТҚ регламенттелген қабаттылыққа сәйкес келуі тиіс.

Алматы қаласы аумағының
қала құрылысы регламентіне
4.14. -қосымша

Т – Инженерлік және көлік инфрақұрылымының аймақтары

Елді мекеннің инженерлік және көліктік инфрақұрылым аймақтары көлік және байланыс коммуникациялары мен құрылыстарын, магистральдық құбырларды, инженерлік қамтамасыз ету желілерін, инженерлік жабдықтарды орналастыруға және олардың жұмыс істеуіне арналған.

Олардың зиянды (қауіпті) ықпалынан сақтанудың алдын алу мемлекеттік нормалар мен қағидаларға сәйкес қоныстану аумақтарына (учаскелеріне) және тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілерге дейінгі қажетті алшақтықтарды, сондай-ақ басқа да міндетті талаптар мен шектеулерді сақтаумен қамтамасыз етіледі.

Пайдалану кезінде адамдардың денсаулығына және олардың тіршілік ету ортасына тікелей зиянды әсер ететін коммуникациялар мен құрылыстар елді мекендерден тыс жерде орналасуы тиіс.

Бөлінген шекаралардағы инженерлік және көліктік инфрақұрылым объектілерінің аумақтары көрсетілген объектілердің техникалық және пайдалану сипаттамаларын

ескере отырып, абаттандырылуға тиіс. Аумақтарды абаттандыру және күтіп ұстау жөніндегі міндеттер объектілердің меншік иелеріне жүктеледі.

Инженерлік және көлік инфрақұрылымдар (автомобиль, теміржол, әуе көлігі, байланыс және инженерлік жабдық) аймақтарының типтері орналастырылатын құрылыстар мен коммуникациялардың түрі мен параметрлеріне, сондай-ақ Алматы қаласының аумағында олардың тіршілік ету ортасына зиянды әсерін болғызбау жөніндегі шараларды қамтамасыз етуді ескере отырып, тиісті аумақтарды пайдалануға шектеулерге байланысты белгіленеді:

Т-1 Инженерлік құрылыстар мен коммуникациялар аймақтары;

Т-2 Көлік коммуникацияларының аймақтары (көшелер, жолдар);

Т-3 Жолдардағы жасанды құрылыстардың аймақтары (жолайрықтар);

Т-4 Автомобиль көлігін сақтау орындары аймақтары (паркингтер);

Т-5 Қалалық жолаушылар көлігі құрылыстары мен құрылғыларының аймақтары (метро станциялары, электрлік көлік қосалқы станциялары, автостанциялар);

Т-6 Автосервис кәсіпорындарының аймақтары (АЖҚС, ТҚҚО, автожуу);

Т-7 Сыртқы көлік және байланыс аймақтары (т/ж вокзалдары, әуежай, автовокзал);

Т-8 Байланыс құрылыстары мен коммуникациялар аймағы (АТС).

Т-2 - Т-7 үшін рұқсат етілген құрылыс салу параметрлері және жер учаскелерін пайдалану; "Көлік құрылыстары" 3.03-кешеніне және "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу" 3.01-101-2013 ҚР ҚЖ 8-бөліміне, "Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттардың ТІЗБЕСІ" СҚҚК-1 каталогының нормалары мен қағидаларына сәйкес нақты объектілер үшін анықталады.

Т-1 және Т-8 үшін рұқсат етілген құрылыс салу параметрлері және жер учаскелерін пайдалану; "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу" 3.01-101-2013 ҚР ҚЖ 9-бөліміне және "Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттардың ТІЗБЕСІ" СҚҚК-1 каталогының "Ғимараттар мен құрылыстарды және сыртқы желілерді инженерлік қамтамасыз етуге арналған нормативтік құжаттар" (4.01, 4.02, 4.03, 4.04 кешендері) 4-бөлімінің нормалары мен қағидаларына сәйкес нақты объектілер үшін анықталады.

Алматы қаласы аумағының
қала құрылысы регламентіне
4.15-қосымша

АС - Қалалық аграрлық сектор аумақтарының аймақтары (ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығын пайдалану)

АС - 1 Жылыжай, гүл шаруашылығы, бақтар, жүзімдіктер мен тәлімбақтар аймағы, АС-2. Орман шаруашылығы аймағы, АС-3 – Аумақтарды басқа да аграрлық пайдалану аймағы

Ауыл шаруашылығы қажеттіліктері үшін берілген, қала дамуының бас жоспарына сәйкес осы мақсатқа арналған басқа жерлер, сондай-ақ жерге орналастыру құжаттамасы негізінде әзірленген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер.

Ауыл шаруашылығына пайдалану аумақтары қала шекарасының шегінде (сызығы) ауыл шаруашылығын жүргізу үшін арналады және елді мекендер мен құрылыс салу ережелерінің бекітілген бас жоспарына сәйкес оларды пайдаланудың түрлері өзгерген кезеңге дейін пайдаланылуы мүмкін.

Аймақ типінің индексі	Аумақты функционалдық пайдаланудың рұқсат етілген түрлері	Аумақты функционалдық пайдаланудың негізгі емес және ілеспе түрлері	Жергілікті атқарушы органның тиісті уәкілетті құрылымдық бөлімшелерінің (басқармаларының) келісімі болған кезде аумақтарды функционалдық пайдаланудың рұқсат етілген түрлері
1	2	3	4
	АС - 1 Жылыжай, гүл шаруашылығы, бақтар, жүзімдіктер мен тәлімбақтар аймағы АС-3. Аумақтарды басқа да аграрлық пайдалану аймағы		
	Ауыл шаруашылығы алқаптары (жыртылған жерлер, бақтар, жүзімдіктер, бақшалар, пішендіктер, жайылымдар, кен орындары), шаруашылық ішілік жолдар, коммуникациялар, көпжылдық көшеттер, батпақтар, тұйық су қоймалары, ауыл шаруашылығының жұмыс істеуі үшін қажетті ғимараттар, құрылыстар, құрылғылар, оның ішінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, тәжірибелік-өндірістік, жылыжайлар, гүл шаруашылығы мен тәлімбақтар, оқу,	Инженерлік коммуникациялар және көлік құрылыстары, құрылғылар; шаруа (фермер) қожалығын, жеке қосалқы шаруашылықты (бағбандық, мал шаруашылығы, бақшалық, шөп шабу және мал жаю) жүргізу үшін азаматтарға берілетін жер учаскелері.	Рұқсат етілген мөлшерден асатын карьерлер, қайта өңдеу кәсіпорындары, қоймалар, базарлар, дүкендер, көлік құралдарының тұрақтары (терминалдар); пошта бөлімшелері, телефон, телеграф; ұсақ бөлшек саудадағы уақытша құрылыстар

АС -1 АС -3	оқу-тәжірибелік және оқу-өндірістік шаруашылықтар		және басқа да құрылыстар
АС-2	АС-2. Орман шаруашылығы аймағы Функционалдық пайдаланудың рұқсат етілген, негізгі емес және ілеспе, шартты түрде рұқсат етілген түрлері – қалалық ормандар және-орман қорғау алқаптары бекітілген қала құрылысы құжаттамасында және құрылыс салу және жер пайдалану қағидаларында белгіленген тиісті аймақтардың қала құрылысы регламенттеріне сәйкес белгіленеді. АС-1,2,3 үшін рұқсат етілген құрылыс салу параметрлері және жер учаскелерін пайдалану "Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттардың ТІЗБЕСІ" СҚҚК-1 каталогының 3.02 кешенінің және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бас жоспарлары 3.01-104-2012 ҚР ҚЖ, 3.01-04-2014 ҚР ҚН нормалары мен қағидаларына сәйкес нақты объектілер үшін анықталады.		

Алматы қаласы аумағының
қала құрылысы регламентіне
4.16-қосымша

С – Арнайы мақсаттағы аймақтар С-1 – Зираттар, крематорийлер, мал қорымдары аймағы; С-2 – Қатты тұрмыстық қалдықтарды (полигондарды) уақытша сақтау, ҚТҚ қайта өңдеу бойынша кәсіпорындар аймағы; С-3 – Күл үйінділері, тұндырғыштар аймағы

Аймақ типінің индексі	Аумақты функционалдық пайдаланудың рұқсат етілген түрлері	Аумақты функционалдық пайдаланудың негізгі емес және ілеспе түрлері	Жергілікті атқарушы органның тиісті уәкілетті құрылымдық бөлімшелерінің (басқармаларының) келісімі болған кезде аумақтарды функционалдық пайдаланудың рұқсат етілген түрлері
1	2	3	4
	С-1-Зираттар, крематорий, мал қорымдары аймағы;		

С-1, С-2, С-3	С-2-Қатты тұрмыстық қалдықтарды (полигондарды) уақытша сақтау, ҚТҚ қайта өңдеу бойынша кәсіпорындар аймағы; С-3-Күл үйінділері, тұндырғыштар аймағы	
	Жерлеу; зираттар, крематорийлер, мал қорымдары, пайдалануы аумақтық аймақтардың басқа түрлерімен қатар пайдалануына сай келмейтін тұрмыстық қалдықтардың үйінділері және өзге де объектілер, сондай-ақ арнайы нормативтер мен ережелерсіз пайдалануға және құруға жарамайтын объектілер.	Діни ғимараттар, зираттарды пайдалану объектілері, зираттардың қызметіне байланысты өзге де қосалқы өндірістер мен әкімшілік объектілер; жасыл желектер; инженерлік коммуникациялар.
	Рұқсат етілген құрылыс салу параметрлері және арнайы мақсаттағы аймақтардың жер учаскелерін пайдалану "Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттардың ТІЗБЕСІ" СҚҚК-1 каталогының 1.04., 3.02., 4.05. кешенінің нормалары мен қағидаларына сәйкес нақты объектілер үшін анықталады.	

Алматы қаласы аумағының
қала құрылысы регламентіне
4.17-қосымша

РТ – Режимдік аумақтар аймақтары РТ-1 - Қауіпсіздік және қорғаныс объектілері (әскери базалар, ә/әуеайлақтары), полигондар мен әскери қалашықтардың аумақтары аймағы РТ-2 - Режимдік аумақтардың қорғалатын объектілерін орналастыру аймақтары

Ерекше режим белгіленетін әскери және басқа да объектілерді орналастыру үшін режимдік аумақтардың арнайы аймақтары, сондай-ақ елді мекендерде немесе олардан тыс жерлерде ерекше реттеудің өзге де аумақтары көзделуге тиіс.

Қорғалатын объектілерді орналастыруға арналған елді мекендер шегіндегі және олардың шегінен тыс аумақтар режимдік аумақтардың аймақтары болып табылады.

Режимдік аумақтар аймақтарын пайдалану тәртібі: егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе мемлекеттік нормативтерге сәйкес "Режимдік аумақтардың аймақтарын пайдалану тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы № 45 қаулысымен белгіленеді.

Аймақ түрінің индексі	Аумақты функционалдық пайдаланудың рұқсат етілген түрлері	Аумақты функционалдық пайдаланудың негізгі емес және ілеспе түрлері	Жергілікті атқарушы органның тиісті уәкілетті құрылымдық бөлімшелерінің (басқармаларының) келісімі болған кезде аумақтарды
-----------------------	---	---	--

			функционалдык пайдаланудың рұқсат етілген түрлері
1	2	3	4
РТ-1, РТ-2	РТ-1 - Қауіпсіздік және қорғаныс объектілері (әскери базалар, әуеайлақтар), полигондар мен әскери қалашықтардың аумақтары аймағы РТ-2 - Режимдік аумақтардың қорғалатын объектілерін орналастыру аймақтары		
	Әскери базалар, қалашықтар, полигондар, әуеайлақтар, өзге де қауіпсіздік және ғарыштық қамтамасыз ету объектілері, әскери кәсіптік бағдарламаларды іске асыратын білім беру мекемелері, қорғаныс, қауіпсіздік және ғарыштық қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындайтын қалалық атқарушы билік органдарының кәсіпорындары, мекемелері мен ұйымдары	Көкөністерді өсіруге байланысты тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар, құрылыстар: көшетханалар, жылыжайлар; шаруашылық ғимараттар; гараждар, ашық тұрақтар.	Өндірістік ғимараттар, байланыс мекемелері және белгіленген параметрлерден асатын өзге де коммуникациялар, уақытша құрылыстар.
	Рұқсат етілген құрылыс салу параметрлері және әскери объектілер аймақтарының жер учаскелерін және арнайы мақсаттағы режимдік аумақтардың өзге де аймақтарын пайдалану "Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік техникалық құжаттардың ТІЗБЕСІ" СҚҚК-1 каталогының 2.02. және 2.03. кешенінің нормалары мен қағидаларына сәйкес нақты объектілер үшін анықталады		

Алматы қаласы аумағының
қала құрылысы регламентіне
4.18-қосымша

НТ– Резервтік аймақ. НТ-1 – Арнайы инженерлік іс-шараларды жүргізуді талап ететін ыңғайсыз және пайдаланылмайтын аумақтар

Аумақтар (арнайы инженерлік іс-шараларды жүргізуді талап ететін ыңғайсыз және пайдаланылмайтын аумақтар) елді мекендерді дамытуға немесе елді мекен аралық аумақтарды игеруге (жайластыруға) арналған қала құрылысы ресурстары болып табылады және резервтік аймақты құрайды.

Резервтік аумақтар (қала құрылысы ресурстары) аумақтардың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемалары мен елді мекендер мен олардың функционалдык аймақтарының бас жоспарларының құрамында айқындалады және бекітіледі.

Елді мекеннің қала құрылысы ресурстарымен айқындалған аумақтар резервке қойылуға жатады және елді мекендер мен олардың бөліктерінің дамуына қарай олардың мақсатына сәйкес қана пайдаланылады.

Резервтік аумақтар егер мұндай пайдалану тәсілі мен режимі елді мекеннің немесе оның бір бөлігінің жоспарланған перспективалық дамуына кедергі келтірмесе, бекітілген қала құрылысы құжаттамасында көзделмеген мақсаттарда пайдаланылуы мүмкін.

Ерекше қала құрылысын реттеу аймақтарының шекараларында резервтік аумақтарды пайдалану көрсетілген аймақтар үшін белгіленген режимге сәйкес жүзеге асырылады.

Резервтік аумақтарды уақытша пайдалану Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен жүзеге асырылады.